

## Құрманғазы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Құрманғазы ауданы мәслихатының 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 436-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 қазанда № 3321 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 213-VII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 22.12.2022 № 213-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. Шешімнің атауына өзгеріс енгізілді - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 22.09.2016 № 71-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) тармақшасына сәйкес және аудан әкімдігінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 362 қаулысы негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Құрманғазы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 22.09.2016 № 71-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, салық және бюджет саясаты жөніндегі тұрақты комиссиясына (төрағасы Б.Жүгінісов) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
XXXX сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Р. Габдушова*

*Р. Сұлтаняев*

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 15  
қыркүйектегі № 436-V шешіміне  
қосымша

## Құрманғазы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 22.09.2016 № 71-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); в приложение внесено изменение на казахском языке, текст на русском языке не меняется решением маслихата Курмангазинского района Атырауской области от 11.10.2019 № 448-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Р/с №	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілері	Есептік бірлік	Жылына 1 есептік бірлікке келетін м <sup>3</sup> коммуналдық қалдықтарының жинақталу нормалары
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,53
2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,47
3	Мектептер, колледждер	1 оқушы	0,2
4	Интернаттар	1 орын	0,45
5	Қонақ үйлер	1 орын	0,77
6	Санаторийлер	1 орын	0,61
7	Балабақшалар	1 орын	0,36
8	Байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,55
9	Емханалар	1 келіп кету	0,09
10	Ауруханалар	1 төсек-орын	1,34
11	Өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,03
12	Мейрамханалар, дәмханалар	1 отыратын орын	32,78
13	Концерт залдары	1 отыратын орын	0,13
14	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,07
15	Қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,77
16	Спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,02
17	Супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,02
18	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,15
19	Азық-түлік тауарларының көтерме қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,08
20	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,25
21	Автомобильді жуу орындары	1 машина-орын	4,04

22	Жанар – жағармай станциялары	1 машина-орын	3,61
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	4,36
24	Шаштараздар, сән салондары	1 жұмыс орны	2,48
25	Аяқ киімді жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,42
26	Тұрмыстық қызмет көрсету үйлері: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,45

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК